Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

21 қазан сенбі
№83 (1990)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

АЛТЫН ДӘН–2023

ДАЛА ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Кеше дала еңбеккерлерінің «Алтын дән-2023» дәстүрлі мерекесі ұйымдастырылып, егін жинау науқаны қорытындыланды. Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Қамбаны күрішке толтырған шаруалардың адал еңбегін жоғары бағалап, диқандарды мерейлі мерекемен құттықтады.

– Алты алашқа ана болған Сыр өңірінің облыс болып құрылғанына биыл 85 жыл. Сыр жұртшылығы бұл мерейтойға үлкен табыспен жетті. Жақында облысқа іссапармен келген Мемлекет басшысы аймақтың дамуына жоғары баға берді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Нағи Ілиясов ауылында өткен еңбек адамдарымен кездесуде: «Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер ақ күріштің атасы – Ыбырай Жақаевтың жолын жалғап жүрсіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын»,– деп қошемет білдірді. Президент Сыр өңірінің бренді – күріш өндірісін көру үшін «Алтын орда» зауытында болды. Ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерінің өнімдерімен танысып, диқандар мен шаруалардың еңбегіне табыс тіледі. Бұл – барша еңбек адамдарына берілген оң баға, көрсетілген құрмет, – деді аймақ басшысы.

Шара барысында облыс әкімі Премьер-министр Әлихан Смайыловтың Сыр диқандарына жолдаған арнайы құттықтау хатын оқып берді.

Аймақтағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі соңғы 9 айдағы көрсеткіш бойынша 157 миллиард теңгеге жеткен. Соңғы 3 жылдың ішінде ауыл шаруашылығының негізгі қорына 32 млрд 700 млн теңге инвестиция салынған. Бұдан бөлек жалпы құны 7,9 млрд теңгені құрайтын 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Жыл ішінде салаға 14 млрд теңге қаржылай қолдау көрсетілген. Оның 4 млрд 700 млн теңгесі егін шаруашылығын субсидиялауға бағыталған.

Жасыратыны жоқ, биыл су тапшылығы орын алып, шаруашылыққа қолайсыздық тудырғаны бар. Осындай кедергілерге қарамастан егістік көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4 мың 800 гектарға ұлғайтылып, 193 мың 400 гектар жерге егін егілген. Оның ішінде күріштік алқап 89 мың 100 гектарды құрады. Соның әр гектарынан 56,5 центнер өнім алынды. Қамбаға 503 мың тонна астық құйылды. Мұның барлығы – Сыр диқандарының мандай терінің, аянбай еңбек етуінің жемісі.

«Алтын дән-2023» дәстүрлі мерекесінде ең басты құрметі еңбек адамдарына көрсетілді. Күрішшілер, сушылар, комбайншылар, механизаторлар, диқандар, малшылар сахна төріне шығып, марапатқа ие болды. Олар ҚР Премьер-министрінің алғыс хатымен, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ жыл қорытындысымен топ жарған озаттар түрлі номинация иеленді. Төрт түлік өсімін қамтамасыз еткені және өнім өндіруде жоғары жетістіктерге жеткені үшін Арал ауданы марапатталса, «Егін шаруашылығы» номинациясында Шиелі ауданы жеңімпаз атанды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы бойынша жоғары көрсеткіштерге Сырдария ауданы қол жеткізді. Ал «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» номинациясы бойынша Жаңақорған ауданы марапатталды.

Шара соңында жергілікті өнерпаздар дала еңбеккерлерінің құрметіне әсем ән шырқап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

А.СЕЙІЛ

ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН: ел назары ауған жол

Көптен бері түйіні шешілмей келген «Қызылорда-Жезқазған» автожолын жөндеу жұмысы да басталып кетті. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев автожолды қайта жаңғырту жұмысын өзі барып көрді. Сонымен қатар мердігер мекеме басшылары мен құқық қорғау органдарының басшыларына жиналыс өткізіп, мәселелерді талқылады. Жиналыс барысында «Қазавтожол» ҰК АҚ Қызылорда облыстық филиалының басшысы Ерұлан Жүнісов атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

2 БЕТТЕ

КИІКТІ ШЫНЫМЕН АТАМЫЗ БА?

Ең сұлу, киелі жануар қандай десеңіз, әрине, киік алдымен ойға оралады. Даланың еркесі, сәні, тамылжыған табиғаттың көркіне көрік қосар сұлуы, мөлт-мөлт еткен көздерімен еріксіз әрбір жанды баурап алады. Қазақ оны киелі деп санайды.

Табиғаттың сыйы – сұлу бөкенге Сәкен Сейфуллин өлең арнады, жерлесіміз Әлмырза Ноғайбаев әнмен әрледі. «Жезкиік, біздің жаққа қалай келдің?» деп Кәкімбек Салықов жырлады. Жазық даланың осындай көркем келбетін, тамаша көрінісін бүгінде қанға бояп, дәрменсіз киікті қырып жүрген қаныпезерлер де жоқ емес. Бұрын да болған, қазір де жалғасып келеді. Осындай да Мұқағали Мақатаев амалсыздан тілсіз жануарға:

–Киіктер, мұнда жүрмеңдер,
Бас бұғып отыр сұр мерген.
Боласың ғайып, байғұстар,
Қоштасып сайран күндермен.
Тасада отыр сұр мерген,

Кетіңдер аулақ бұл жерден, – деп өлең жолымен ескерткен еді. Аталған үш өлеңде де тақырып біреу – байғұс киіктің амандығы, Алланың жануардан артық етіп сана берген адамдарының қатыгездігі.

Былтыр киіктердің санын реттеу мәселесі көтерілген. Биыл да тағы көтерілді, айтылып та жатыр. Өткен жылы экс-министр Серіккали Брекешовтің 80 мың киікті жою керек деген бастамасы жұртшылықтың наразылығын туғызып, қоғамда қызу талқыға түскен. Ол аздай, салаға жауапты шенділер Мемлекет басшысынан қатаң сөгіс естіп, ескерту алғаны есімізде. Президент сондағы сөзінде бұл мәселені кәсіби мамандармен ақылдасып, басқалай шешу қажет екенін тапсырған еді. Одан кейін бұл мәселеге нүкте қойылғандай болды. Алайда тағы да айналып кеп киіктерді ату жайлы айтылып, нақты қолға алынды.

Біле білсек, Қазақстанда тас дәуірінен бері тіршілік ететін жануар – ақбөкен. Басына сан мәрте зобалаң туса да, жылдар бойы жойылмай, құдіреттің күшімен көп болмаса да, кейде қуаң даладан қылаң беріп, жүйткіп өтеді.

Соңғы санақ бойынша еліміздегі ақбөкен саны 2 миллионға жетіп жығылған. Әсіресе батыс аймақтардағы шаруалардың егістігін отап, берекесін алғаннан кейін Президент жауапты ведомстваға тиісті шешім шығаруды тапсырған-ды. Одан бері салаға жауапты министр бірнеше рет ауысып үлгерді. Экология министрлігі шетелден ғалымдар алдырып, талқылаймыз дегенше, биыл облыс шаруаларына киіктен келген залал 8 миллиард теңгеге жуықтаған көрінеді.

4 БЕТТЕ

СҰХБАТ

Ақмарал Әлназарова, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

Қабылданған заң халықтың көкейіндегі мәселені шешуге ықпал етсе, мақсатымыз орындалғаны

Ел сенімін арқалаған депутаттардың жұмысына баға беретін халық. Сайлауға дейін берілген уәденің орындалуы, елдегі көкейтесті мәселелерге үн қосу, елге етене жақын болу – қай деңгейдегі депутаттың болсын, негізгі міндеті. Елге жақын депутаттың бірі – сенатор Ақмарал Шәріпбайқызы Әлназарова. Оның әрдайым елмен кездесіп немесе БАҚ, әлеуметтік желі арқылы халықпен байланысын үзбейтінін байқап та жүрміз. Елдік мәселелерге сергек депутатпен сұхбаттасудың сәті түсті...

2 БЕТТЕ

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

Апта басында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы бірнеше құрылыс алаңын аралады.

Алдымен аймақ басшысы «Өнер орталығының» құрылыс нысанына барды. Құны 3,7 млрд теңгені құрайтын орталықтың іргетасы өткен жылдың тамыз айында Бейбарыс Сұлтан көшесінің бойында қаланған еді. Сыйымдылығы 1000 орындықты құрайды. Онда өнер иелері мен шығармашылық ұжымдардың ұлттық, академиялық, симфониялық және эстрадалық бағыттағы концерттері өтеді деп жоспарлануда. Одан бөлек, түрлі форматтағы қоғамдық және мәдени-көпшілік іс-шаралар да ұйымдастырылады. Бұл нысан желтоқсан айында ел игілігінің қолданысына берілмек.

3 БЕТТЕ

Ақмарал Әлназарова, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

Қабылданған заң халықтың көкейіндегі мәселені шешуге ықпал етсе, мақсатымыз орындалғаны

– Ақмарал Шәріпбайқызы, жақында туған жерге келіп, ауыл-аймақты аралап, елдің жайын көзбен көріп, тұрғындармен пікірлесіп қайттыңыз. Қандай ой түйдіңіз? Қандай мәселемен бетпе-бет келдіңіз? Сыр өңірі сапарынан соң аймақтағы өзекті мәселелерді жинақтап депутаттық сауал жасау жоспарыңызда бар ма?

– 2020 жылы сырбойылық депутаттардың сенімінің арқасында Сыр елінің аманатын арқалап, Сенат депутаты болып сайландым. Содан бері елдің мәселесін республика деңгейінде көтеріп келемін. Өзім дәрігер болғандықтан денсаулық мәселесін жиі көтеретінімді халық біледі. Саладағы кейбір мәселелердің шешімін табуына үлес қостым деп айта аламын.

Өзіміз сайланған өңірдің түйткілді мәселесін орталықтағы құзырлы органдарға жеткізу, Үкіметтің назарын аудару – Сенат жұмысының бірден-бір бағыты. Осы мақсатта биылғы жазда барлық депутаттар әдеттегідей ауыл-аймақтарды аралады. Біз әрдайым аймақтардағы түйткілді мәселелерді орталыққа жеткізуге атсалысып жүрміз. Сыр өңіріне сапарымда әлеуметтік сала қызметкерлерімен, су шаруашылығы мамандарымен кездестім. Кездесу барысында су шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысы төмендігі көтерілді. Мәселені жіті зерттеу үшін мекеменің қаржылық жағдайын талқыладық. Бүгінгі таңда облыс әкімдігі өз ұсыныстарын дайындап жатыр. Әрі қарай тиісті министрліктерге жеткіземіз. Сондай-ақ өңірдегі әлеуметтік мәселелердің бірі – Байқоңыр қаласындағы зейнеткерлердің жағдайы. Бүгінгі таңда Қазақстан мен Ресей ақпараттық жүйелер арасында интеграцияның жоқтығының салдарынан әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне енгізілмей тұрғаны үлкен мәселе болып отыр. Бұл мәселе бойынша депутаттық сауал жолдадым, орындардың жауабы да келді. Алайда бұл жауаппен мәселе шешілген жоқ. Сондықтан бұл сұрақты қайтадан көтеріп, жұмыс жүргізудемін. Денсаулық саласындағы мәселелерге келер болсақ, бүгінгі таңда республика бойынша медициналық мекемелерде қалыптасқан кредиторлық қарыз үлкен мәселе екені даусыз. Сандарды сөйлетсек, 2021 жылдың қорытындысымен республикадағы медициналық мекемелер 46 млрд теңге қарызбен жылды аяқтаса, 2022 жылы бұл қарыз екі есе өсіп, 114 млрд теңгеге дейін жетті. Соның ішінде 4-5 млрд теңге қарыз Қызылорда облысына тиесілі. Бұл МӘМС қорына немесе жергілікті атқарушы органдарға байланысты деп айтуға болмайды, бұл денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп шешілетін мәселе. Осыған орай министрлікке тиісті ұсыныстарымызды бердік. Сонымен қатар әлеуметтік салаға Үкімет тарапынан жетекшілік етіп отырған вице-премьер Тамара Дүйсенқызымен де бұл мәселені талқыладық.

– «Сайлау алдындағы бағдарламар және уәделер ретімен орындалу керек. Сонда азаматтардың билікке және шынайы өзгеріске деген сенімі артады», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Ел аманатын арқалаған депутат ретінде бүгінгі күнге дейін қандай мәселелердің шешімін табуына үлес қостыңыз?

– 2020 жылдан бері Қызылорда облысы әкімдігімен бірлесе өңірдің бірқатар мәселесін Сенат қабырғасында көтеріп жүрмін. Соның ішінде Көкарал бөгетінде күрделі жөндеуді қажет ететін бөлігіне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті қаражат бөлуге атсалысып, экология министрлігімен біраз жұмыс атқарып, оны бақылауда ұстап отырмыз деп айта аламын. Сондай-ақ Сыр өңірінде бой көтеріп жатқан Қан орталығы ғимаратын және көпсалалы облыстық аурухана салуға республикалық бюджеттен қаржы бөлуге жергілікті әкімдікпен бірге атсалыстым. Сонымен қатар барлық аудандармен жергілікті бюджеттеріне байланысты тиісті министрліктермен

бірлесе жұмыс жасап келеміз. Соның ішінде Арал қаласында көпір, көше салынуына, Жалағаш ауданында, Қызылорда қаласында әлеуметтік нысандар, жол, электр желісіне қатысты мәселелерді шешу үшін қаражат бөлуге өз тарапымнан, әрине, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс жүргізіп келеміз. Денсаулық саласының да түйткілді мәселелері аз емес. 2020 жылдан бастап көтеріп келе жатқан бір мәселе – медициналық мамандықтарға оқытуға мемлекет тарапынан бөлінетін грант қаржысының көлемін көбейту мәселесі. Бұл 10 жылдан бері өзгеріссіз қалған еді. Биыл қыркүйек айында медицина мамандарын даярлайтын барлық курстарға грант қаржысының көлемі көбейді. Бұл ертеңгі күні медициналық университеттерде оқып жатқан студенттердің білім сапасына, оқытушылар құрамының жалақысына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Осыған орай республикалық бюджет комиссиясы отырысында 25 млрд теңге қаражат бөлінді. Екінші, санитарлық авиация мәселесі. 2021 жылы көтерілген сауалдың нәтижесінде тиісті салаға 2,5 млрд теңге қаржы бөлініп, медициналық және транспорттық тарифтер көтіріліп, санавиация алаңына самолеттерді алып келуге мүмкіндік жасалды. Тағы бір көкейтесті мәселелердің бірі – емдеу, диагностикалық хаттамалардың ескіруі. Соңғы бес жылда 78 пайызы қайта қаралмаған. Осы мәселені 2021 жылы көтеріп, 100 шақты хаттамаға, биыл наурыз айында өткен комиссия отырысында қаржы министрлігімен бірлесіп, жұмыс жүргізгеннің нәтижесінде 1,5 млрд теңгеге жуық қаражат бөлініп, әрі қарай жұмыс жалғасын таппақ.

– Сенат қабырғасында қабылданған заңдардың ішінде сізді ерекше қуантқан сәттер болды ма? Сондай-ақ сенатор ретінде «түн ұйқыңызды төрт бөлетін», әлі де шешімін таппаған көкейтесті мәселе бар ма?

– Сенатқа келіп түсетін заңдар 6 комитетке бөлінеді. Оның ішінде өзім жұмыс атқарып отырған әлеуметтік комитетке денсаулық сақтау, білім және ғылым, әлеуметтік қорғау, мәдениет мәселелері туралы заңдар келіп түседі. 2022 жылы өзім бастамашы болған мүгелектігі бар жандардың мәселелеріне байланысты, олардың өмір сапасын жақсартуға арналған заң әзірленді. Сол заңды әзірлеу барысында 100-ге жуық мүгедектігі бар жандардың ішінен және осы салада жұмыс істеп жатқан азаматтардан құралған жұмыс тобы құрылған еді. Жұмысшы тобында біраз мәселені көтердік. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналар санаторлық жолдаманы өз балаларына толық пайдалана алмайды екен, атап айтқанда, бір жылға берілген жолдаманың 14 пайызы ғана пайдаланылған. Себебі жол қаражаты қарастырылмаған. Мүгедектігі бар балалардың ата-аналары көбіне жұмыссыз немесе әлеуметтік жағдайы төмен болғандықтан тегін жолдаманың өзі қолжетімсіз болып қала беретіні алаңдатарлық жағдай. 2022 жылы қабылданған заңның арқасында бұл мәселе республика бойынша шешімін тапты. Осы заң қабылданғанда мүмкіндігі шектеулі балалары бар ата-аналардың бір арманы орындалып, мәселенің шешімін табуына әріптестермен бірге үлес қосқанымызға қуандық.

– Елімізде МӘМС жүйесі жүзеге асып жатқанмен, халықтың көңіл толмайтын тұстары аз емес. Бұл жүйені әлі де пысықтау керек сияқты...

– МӘМС жүйесіне қатысты біраз сын айтылуда. Бұл жерде бірнеше мәселе бар. Біріншіден, денсаулық саласының біраз жылдан бері халыққа көрсететін қызметтерінің сапасының төмендігі, қолжетімсіздігіне байланысты халықтың сенімі де азайды. Сондықтан да көпшілік МӘМС жүйесі арқылы медициналық қызмет алудан бас тартуда. Бүгінде орташа есеппен 3,5 млн халық МӘМС жүйесіне енбей отыр. Бұл – өте қауіпті нәрсе. Біріншіден, емдеу мекемелерінде жоспарлы түрде көрсетілетін қызметтердің қолжетімсіздігі. Мысалы, бізде 6 скрининг болса, оның 3-і мемлекет тарапынан кепілдендірілген пакетте қарастырылған. Атап айтқанда, қант диабеті, глаукома, қан қысымы ауруын анықтау, ал үш скрининг онкологиялық ауруларды анықтауға арналған. Бұл скрининг МӘМС жүйесін пайдаланатын азаматтарға ғана қолжетімді. Жалпы, скрининг халықтың барлығына бірдей қолжетімді болуы тиіс. Әсіресе онкологиялық ауруларды ерте анықтау азаматтарды дер кезінде емдеуге де, бюджетке салмақ салмауға да тиімді. Бұл мәселені Сенат қабырғасында көтердік. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау министрлігі осы мәселені шешуге оң көзқарас білдірген сияқты. Мәселенің соңына дейін шешімін табуға жұмыс істейміз. Сонымен қатар елімізде соңғы жылдары туу көрсеткіші жоғары екені белгілі. Алайда ана мен баланың денсаулығы маңызды. Ана мен балаға тиісті медициналық бақылау қажет. Сондай-ақ медициналық қызметті алудың арқасында, жүктілікке дайын болу дүниеге дені сау бала келуіне әсерін тигізеді. Ал әлгі айтқан 3,5 млн халық МӘМС жүйесінен сырт қалу арқылы денсаулығын күтуден тыс қалып отыр. Сондықтан әлі де ана өлімінің жоғары көрсеткіші, сәби өлімі, балалар арасында мүгедектіктің болуы секілді әлі де шешімін таппай отырған мәселелердің бірден-бір себебі осы деп айтуға болады. МӘМС жүйесі, әрине, керек. Себебі бұл – қосымша қаражат көзі. Бірақ денсаулық саласына бөлінген бюджет қаржысын және МӘМС жүйесі тарапынан берілген қаражатты тиімді пайдалану мәселесі өте өзекті болып отыр.

– Депутаттық сауалыңыздың бірі обаға қарсы күрес станцияларының жағдайы, ондағы қызметкерлердің жалақысы жайына арналғаны белгілі. Әлеуметтік желі арқылы бұл мәселеге пікір білдіргендер де аз болмады. Нәтижесі қалай?

– Бұл да өзекті мәселелердің бірі. Қазақстан жерінің 70 пайызы обаның ошағы болып саналады. Соңғы 20 жылда елімізде оба ауруының тіркелмеуі алдын алу жұмыстарының нәтижесі деуге болады. Бүгінде дүние жүзінде климаттың өзгеруі, ауа температурасының жыл өткен сайын көтерілуі, судың азаюының әсерінен бұл мәселе күрделене түседі. Сондықтан обаға қарсы күрес станциясы қызметкерлерінің атқарып жатқан жұмысы мемлекет тарапынан тиісті бағаланып, жағдай жасалуы керек. Бұл мәселеге немқұрайды қарауға болмайды. Біздің міндетіміз – Үкіметтің назарын аудару. Өз кезегінде Үкімет тарапынан бақылауға алынып, мәселе кезең-кезеңімен шешімін табуда.

– Халық үнін еститін депутаттар қатарынан екеніңізге еш күмәніміз жоқ. Тұрғындар көбіне қандай мәселемен хат жолдайды? Сонымен қатар қарапайым халық айтқан мәселеге назар аударып, шешімін тапқан кезі бар ма?

– Әрине, халық тарапынан сұраныс та, ұсыныс та түсіп жатады. Өзім дәрігер болғандықтан, халық тарапынан денсаулық саласына қатысты, оның ішінде емделуге байланысты сұрақ көп қойылады. Оның ішінде Қазақстанда емделмейтін науқастарға байланысты мәселелер де кездеседі. Мен қай кезде де халықтың өтінішін жерде қалдырмай, дер кезінде шешімін табуына көмектесуге тырысамын. Сонымен қатар өңірдің өзекті мәселелеріне қатысты әр саланың мамандары көтерген сауалды тиісті министрліктерге жеткізіп, назардан тыс қалдырмауға тырысамын. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілдігімен бірлесе, Арал өңірі тұрғындарының денсаулығына байланысты ғылыми зерттеу жасау үшін жоба әзірлеп жатырмыз. Ең бастысы, халық сенімін арқалаған соң, елмен тығыз байланыстамыз. Елдің мәселесін Үкіметке жеткізуге, Үкімет тарапынан атқарылып жатқан жұмысты халыққа жеткізуге, бір сөзбен айтқанда билік пен халық арасындағы алтын көпір қызметін сапалы атқаруды Сенат депутаты ретінде міндетім деп санаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

Туған жерді түлету – әр адамның парызы

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтың 85 жылдығы мен қала күні қарсаңында қайта жаңғыртудан өткен Абай даңғылы №47 үйдің тұрғындарымен кездесті. Көпшілікті мерейлі мерекемен құттықтап, өз кезегінде «Туған жерді түлетейік» бастамасына белсенді атсалысқан кәсіпкерлерге алғыс білдірді.

– Аймағымыздың бас шаһарында тұрғындардың мақтаныш сезімін оятып, көз қуанышына айналатын бірнеше ірі жоба жүзеге асты. Қаламызға сән берген әсем ғимараттар, көз тартар көркем аллеялар мерейтойға арнап тарту етілуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы биыл маусымда Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда «Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен ауланың таза болуы, ең алдымен, басқа біреуге емес, өзімізге керек. Жұрттың бәрі өз үйінің жайлы әрі әдемі болғанын қалайды. Бұл – дұрыс. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға да дәл сондай жанашыр көзбен қарауға тиіс. Қазақстан – бәрімізге ортақ, оның қандай болатыны тек бізге байланысты, яғни біз іші де, сырты да бүтін ел болуымыз керек» деген еді. Қала – өз үйіміз. Оған қамқорлықпен қарау – әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Туған жеріміздің, туған қаламызды бірге түлетейік!», – деді облыс әкімі.

Кездесу барысында аймақ басшысы жаңарған аулада доп тепкен жеткіншектер мен ойын алаңындағы бүлдіршіндерге естелік сыйлық табыстады. Сонымен қатар тұрғындармен пікір алмасты.

Өңірдің кәсіпкерлері туған жерді түлетуде үнемі жомарттық танытып, қолдан келгенше қаланы көркейтуге үлес қосып келеді. Бұл мақсаттағы жобаларға олар 37 миллиард теңгеден астам қаржы құйған. Биыл 1,1 миллиард теңгеге облыс орталығындағы 28 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталып, 1 миллиард теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылған. Өткен жылы аймақта демеушілер тарапынан құны 1,6 миллиард теңге болатын 80 балалар ойын алаңы салынған.

Аталған ауланы жаңғыртуға демеуші болған «Қыран» компаниясының басшысы, кәсіпкер Жайсаң Сыздықовқа Құрмет грамотасы табысталып, алғыс хатпен марапатталды.

А.ӘЛІМ

Қызылорда-Жезқазған:
ел назары ауған жол

Жиында аймақ басшысы өңір үшін ең маңызды жобалардың бірі – «Қызылорда – Жезқазған» автожолы екенін айтты. Сондай-ақ жолдың сапасына мән беруді тапсырып, бұл Мемлекет басшысының тікелей бақылауында болатынын айтты.

Сонымен қатар жол құрылысына қатысты еңбек заңдылығын қатаң сақтау туралы міндеттер жүктеп ғана қоймай, құрылыс басында жұмыс істейтін шетел азаматтары арасында да құқық бұзушылықтың орын алмауы үшін бақылауды тапсырды. Жалпы Сыр өңірін орталықпен байланыстыратын жобаны жүзеге асыру үшін сапалы болуын әрі жол құрылысы заңдылықтарын сақтау бірінші орында екенін жеткізді.

«Қызылорда – Жезқазған» автожолын қайта жаңартудың техника-экономикалық негіздемесіне сәйкес айналма жол, 2 айрық және ауылшаруашылық техникалары мен үй жануарларына арналған 2 өткел салынбақ. Сонымен-ақ су арналарына 3 көпір, 2 көпфункционалды аралық бақылау өлшейтін арка мен 5 заманауи жылы дәретхана және 5 демалыс алаңын салу жоспарлануда. Сонымен қатар 56 су өткізгіш құбыр мен 10 мал өткелі және 117 жол қиылысы мен түйісуі қарастырылған.

Бүгінде мердігер мекемелер қажетті құрал-жабдықтарды жеткізіп, құрылыс жұмыстарын қарқынды жүргізуде.

Н.АЛТЫН

Басы 1-бетте

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

Облыс әкімі ат басын бұрған кезекті нысан – орталықтағы Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық-академиялық драма театры. Драма театр облыстағы ең үлкен өнер ордасы саналады. Оның сыйымдылығы 600 орындықты құрайды. Алайда халық саны жылдан-жылға өскен сайын театрдағы орын тапшылығы сезіле бастаған. Енді, міне сырбойылықтарға алдағы уақытта жаңа заманауи ғимарат қызмет көрсетпек.

Мұнан соңсолжағалаудағыжаңаавтовокзалқұрылысымен танысты. Заманауи үлгідегі автовокзалда жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, қолайлы жағдай жасалады. Сонымен қатар ғимараттағы жолаушылар залынан бөлек ірі сауда және қоғамдық тамақтандыру орындары мен автокөлік жөндеу цехтары жұмыс істейтін болады.

Айта кететін жайт, жаңа автовокзал пайдалануға берілгеннен кейін 124 рейс бойынша 55 автобус бағытын ашу көзделген. Оның ішінде Ташкент қаласына қатынайтын 1 халықаралық және 8 республикалық, 86 ауданаралық рейс бар. Бұл жаз мезгілінде күніне 3700-ден астам жолаушы қабылдаса, қыста мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетпек. Жалпы жаңа ғимараттың құрылыс жұмыстары 975 млн теңгені құрайды.

Сонымен қатар сол жағалауда салынып жатқан қан орталығына да барды. Оның іргетасы былтыр тамыз айында қаланған болатын. Құны 2 млрд 700 млн теңгені құрайтын орталық жылына 5000-10000 адамға қызмет көрсетпек. Жалпы қан орталығының салынуы – аймақтың денсаулық сақтау саласы үшін маңызды шешім. Яғни тұрғындардың денсаулығын сақтау және қорғау бағытында салынуда. Нысан 2024 жылдың басында пайдалануға берілмек.

Одан бөлек 300 орындық жатақханасы мен 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернатының құрылыс жұмыстарымен танысты. Оқушыларға сапалы білім беру мақсатында мектеп заманауи қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Мердігер мекеме «Промстройсервис Е» компаниясы мектеп ғимаратын 8 млрд теңгеге салуда. Ол келер жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Жалпы физика-математика мектеп-интернатының құрылысына Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келген уақытында қолдау білдірген еді. Сондай-ақ №101 Ә.Мүслімов және №2 Абай атындағы мектептерге қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізумен қатар «Бәйтерек» шағын ауданындағы 600 орындықты құрайтын және Шиелі ауданы Байсын ауылындағы 250 орындық мектеп құрылысының аяқтау жұмыстары енгізілген болатын.

Басы 1-бетте

Нәзира МҰҚАТАЕВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы бойынша «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған Жол картасына» сәйкес Белкөл кентіндегі «Зеленая», «Путейцев» көшелері мен «Путейцев тұйық» көшесінің атауын қайта атау бойынша Белкөл кенті Зеленая көшесінде 2023 жылдың 21 қарашасында сағат 11.00-де жиналыс өткізілетінін хабарлайды.

Белкөл кенті әкімшілігі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің 2023 жылғы III тоқсан бойынша қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулерінде көтерілген мәселелер бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат

№	Іс-шара мазмұны	Орындалу мерзімі	Орындалу барысы	Жауапты
	Қызылорда қаласы			
1	Шұғыла мөлтек ауданы №24А көппәтерлі тұрғын үйге жасалатын қайта жаңғырту жұмыстарын *(модернизация)* жүргізетін мердігер мекемені нақтылау мақсатында тұрғындармен бірлесіп жиналыс ұйымдастыру мәселесі	Қазан айы	ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.04.2020 жылғы №246 бұйрығымен бекітілген «Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу тәртібі» негізінде 2022 жылы Қызылорда қаласы, Шұғыла мөлтек ауданы №24А көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғындарынан күрделі жөндеу жұмыстарына сауалнама жүргізіліп, 70% келісім жиналды. Аталған тұрғын үйге қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Қазіргі таңда, республикалық бюджетке бюджеттік өтінім тапсырылып, қаржыландыру күтілуде. 2024 жылы республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлінген жағдайда, тұрғындар тарапынан таңдалынған мекемемен көпқабатты тұрғын үй қайта жаңғыртудан өткізілетін болады.	Ғ.Еркебай А.Рысбек Т.Құлмағанбетов
2	Ш.Бәкіров көшесіне жарық бағаналарын орнату мәселесі	2024 жылғы наурыз айы	Ш. Бәкіров көшесіне жарық бағаналарын орнату үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылды. Қажетті қаражат көлемі бөлінгеннен кейін, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін болады. *Анықтама үшін:* Ағымдағы жылы қала аумағындағы 52 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылды, сметалық құны 1 372,0 млн. теңге.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
3	Бәйтерек шағын ауданында қамтылмай қалған тұрғын үйлерді табиғи газбен және ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі	2024 жылғы наурыз айы	Қызылорда қаласы Бәйтерек-1 тұрғын ауданындағы 14 көшеге *(2, 3, 8, 19, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 41, 43 көшелері)* **табиғи газ және ауыз су желілерін** құрылысын жүргізу мақсатында қалалық бюджеттен бөлінген 8,4 млн. теңге қаражатқа жобалаушы мекеме *«Мунайгазинжиниринг»* ЖШС-і тарапынан жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Қазіргі уақытта облыстық экономика және қаржы басқармасына құрылыс жұмыстарына қажетті қаражат бөлуге бюджеттік өтінім жолданды. Тиісті қаражат бөлінгеннен соң, құрылыс-монтаж жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіледі *(жобаның жалпы құны – 427,5 млн. теңге)*.	Ғ.Еркебай А.Әнуар
4	Бәйтерек шағын ауданындағы негізгі көшелеріне санитарлық тазалау жұмыстарын жүргізу мәселесі	Қазан айы	Бәйтерек шағын ауданына тиісті мекемелер тарапынан тұрақты түрде санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілуде.	Ғ.Еркебай Т.Құлмағанбетов
5	Бәйтерек шағын ауданындағы жаңадан салынған мектеп орналасқан көшеге *(2-я подъездная дорога)* түнгі жарық бағаналарын орнату мәселесін қарастыру	2024 жылғы наурыз айы	Бәйтерек шағын ауданына 2-ші кіре-беріс жолына яғни, мектеп орналасқан көшеге түнгі жарық бағаналарын орнату үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылды. Қажетті қаражат көлемі бөлінгеннен кейін, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін болады. *Анықтама үшін:* Ағымдағы жылы қала аумағындағы 52 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылды, сметалық құны 1 372,0 млн. теңге.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
6	Бәйтерек-4 шағын ауданы тұсынан автомобиль көпірін салу мәселесі бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу	Желтоқсан айы	Бәйтерек-4 шағын ауданына автомобиль көпірін салу үшін жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге ағымдағы жылы қалалық бюджеттен 2,0 млн. теңге *(жоба әзірлеу үшін қажетті қаражат 15,0 млн. теңге)* бөлініп, қазіргі таңда жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Жыл соңына дейін жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, 2024 жылы жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Файзуллаев Г.Баймаханова
7	Бектұрғанов көшесі №11 көпқабатты тұрғын үйдің 1-қабатында орналасқан «24 Асхана» кәсіпкерлік нысаны бойынша құзырлы органдармен бірлесіп, заң талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында арнайы комиссия құрып, тиісті шараларды қабылдау мәселесі	Қазан айының бірінші он күндігі	Бектұрғанов көшесі №11 көпқабатты тұрғын үйдің 1-қабатында орналасқан «24 Асхана» кәсіпкерлік нысаны бойынша заң талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында 2023 жылдың 6 қазанында қала әкімінің №171 өкімімен арнайы жұмысшы тобы құрылды. Қазіргі таңда тиісті сала мамандары тарапынан зерделеу жұмыстары жүргізілуде.	Д.Исламов Д.Тұрсынбаев Ғ.Еркебай Б.Баймаханов Е.Ұзақбаев *(келісім бойынша)* Ф.Қожабергенов *(келісім бойынша)* Ж.Түйменов *(келісім бойынша)* Ғ.Қайназаров Д.Сырлыбаев А.Рысбек м.а. Е.Бакбергенұлы
8	Бектұрғанов көшесі №11 көпқабатты тұрғын үйдің алдағы жылу маусымына дайындығын қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу мәселесі	Қазан айы	Бектұрғанов көшесі №11 көпқабатты тұрғын үйдің алдағы жылу маусымына дайындығын қамтамасыз ету кондоминиум обьектісін басқарушы органы «Рауан» ПИК-мен бірлесіп тиісті жұмыстар жүргізіліп, жылу жүйелеріне толығымен қосылды.	Ғ.Еркебай А.Рысбек
9	Тәуке хан көшесіне жарық бағаналарын орнату мәселесі	2024 жылы наурыз айы	Тәуке хан көшесіне жарық бағаналарын орнату үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылды. Қажетті қаражат көлемі бөлінгеннен кейін, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін болады. *Анықтама үшін:* Ағымдағы жылы қала аумағындағы 52 көшеге жарық бағаналарын орнату үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылды, сметалық құны 1 372,0 млн. теңге.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
10	Рүстембеков тұйығына жаяу жүргіншілер жолын *(тротуар)* салу мәселесі бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу	Желтоқсан айы	Қала аумағындағы барлығы 33 көшеге жаяу жүргіншілер жолын *(тротуар)* салу үшін жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге қалалық бюджеттен 20,0 млн. теңге бөлініп, әзірленуде *(аталған тізімге Рүстембеков тұйығы енгізілген)*. Жоба-сметалық құжаттарын жыл соңына дейін әзірлеп, жұмыстарын 2024 жылы жүзеге асыру жоспарлануда.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
	Тасбөгет кенті			
11	Ә.Оразбаев және О.Сейтпенбеков көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын (тротуар) салу мәселесі	Қараша айы	Тасбөгет кентіндегі әлеуметтік нысандар *(мектеп, балабақша)* орналасқан 6 көшеге *(оның ішінде Ә.Оразбаев және О.Сейтпенбетов көшелері енгізілген)* жаяу жүргіншілер жолының *(тротуар)* құрылыс жұмыстарына ағымдағы жылдың қыркүйек айында мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Жеңімпаз мердігер мекеме анықталғаннан кейін, жұмыстар жүргізілетін болады *(жоба құны 127 млн. теңге, конкурс қорытындысы қазан айының аяғында анықталады)*.	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Файзуллаев Г.Баймаханова С.Сыздықов
12	Тасбөгет кенті бойынша аялдамалар орнату мәселесін қарастыру	Қазан айы	Кенттегі А.Құнанбайұлы атындағы көшеге күрделі жөндеу жұмыстары үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Аталған жоба аясында 7 дана аялдама орнату қарастырылған. Жоба-сметалық құжаттамалары ағымдағы жылдың қараша айында толығымен әзірленіп, облыстық бюджеттік өтінім ұсынылатын болады *(Бүгінгі күнге дейін жалпы Тасбөгет кенті бойынша 18 дана аялдама орнатылған)*.	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Файзуллаев Г.Баймаханова С.Сыздықов
13	М.Шоқай көшесіне орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі	Қараша айы	Тасбөгет кентіндегі 6 көшеге *(М.Шоқай, Ш.Есенов, Е.Бозғұлов, С.Майқанова, Рахмет жырау, А.Құнанбайұлы көшелері)* орташа жол жөндеу жұмыстары үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, ағымдағы жылдың маусым айында облыстық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылды. Қаражат бөлінгеннен кейін жұмыстар жалғасын табатын болады *(қажетті қаражат көлемі – 370,0 млн. теңге)*.	Ғ.Еркебай С.Сыздықов Ж.Файзуллаев
	Белкөл кенті			
14	Бірқазан елді мекеніндегі тағзым алаңын заңға сәйкес мемлекеттің меншігіне алу мәселесін қарастыру	Қараша айы	Бірқазан елді мекеніндегі тағзым алаңын мемлекет меншігіне алу мәселесі бойынша жер учаскесін заңдастыру жұмыстары жүргізілуде. Аталған жұмыстар ағымдағы жылдың желтоқсан айында толығымен аяқталатын болады.	Д.Тұрсынбаев Ж.Сәду м.а. Қ.Жүсіпов Д.Сырлыбаев
15	№189 орта мектебінің тұсына жасанды тегіс емес кедергісін орнату мәселесі	Қараша айы	№189 мектептің алдына және Орталық көшеге жасанды тегіс еместік кедергісін орнатуға жергілікті бюджеттен 921 мың теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Аталған жұмыс желтоқсан айында аяқталатын болады.	Ғ.Еркебай Ж.Сәду
	Қосшыңырау ауылдық округі			
16	Абай елді мекеніне дейін қатынайтын қоғамдық көлікті үлкен сыйымдылықтағы автобустармен ауыстыру мәселесі	Желтоқсан айы	2023 жылы облыстық бюджеттен қосымша лизингке 150 дана автоубс сатып алуға 1 млрд. 612 млн. теңге қаралды. Бүгінгі таңда, жеткізуші мекеме «QazTehna» ЖШС тарапынан ағымдағы жылдың тамыз, қыркүйек айында 46 автобус жеткізіліп, тиісті құжаттары рәсімделуде. Ағымдағы жылдың 1 қарашасынан бастап Қосшыңырау ауылдық округі, Абай елді мекеніне қатынайтын қоғамдық көліктер үлкен сыйымдылықтағы автобустармен ауыстырылатын болады.	Д.Исламов Ж.Файзуллаев М.Жүсіп С.Әбдікадыров
17	Досан ауылына трансформатор орнату мәселесі *(Мерзімі – 2 апта)*	2023 жылғы 2 қазан	Қосшыңырау ауылдық округі, Досан ауылына 1 дана қосалқы электр станциясы қазан айының аяғына дейін орнатылатын болады. Қазіргі таңда, тиісті орнын белгілеу жұмыстары жүргізілуде.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев Е.Каленов *(келісім бойынша)* С.Әбдікадыров
	Қарауылтөбе ауылдық округі			
18	Жаңадан қоныстанған аумаққа мердігер мекеме «Әлком» ЖШС тарапынан жүргізілген электр желілерін қадағалап, іске қосу мәселесі	Желтоқсан айы	2022 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында, ауылдық округтегі жаңадан қоныстанушы аумақты электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында *(8 дана электр станциясы (КТПН) және 12,8 км электр желілері мен 215 электр бағанасы)* Ұлттық қор есебінен 311 млн. теңге қаржы бөлінді. Ағымдағы жылы аталған жобаны аяқтау үшін облыстық бюджеттен 34,6 млн. теңге қаралып, жұмыстар толығымен аяқталды. Қазіргі таңда іске қосу жұмыстары жүргізілуде.	Ғ.Еркебай А.Әнуар Е.Каленов *(келісім бойынша)* Е.Ахетов
19	№27 бағыттағы қоғамдық көлікті үлкен сыйымдылықтағы автобустармен ауыстыру мәселесі	Желтоқсан айы	2023 жылы облыстық бюджеттен қосымша лизингке 150 дана автоубс сатып алуға 1 млрд. 612 млн. теңге қаралды. Бүгінгі таңда, жеткізуші мекеме «QazTehna» ЖШС тарапынан ағымдағы жылдың тамыз, қыркүйек айында 46 автобус жеткізіліп, тиісті құжаттары рәсімделуде. Ағымдағы жылдың 1 қарашасынан бастап үлкен сыйымдылықтағы қоғамдық көліктер Қарауылтөбе ауылдық округіндегі №27 бағытқа қосылатын болады.	Д.Исламов Ж.Файзуллаев М.Жүсіп Е.Ахетов
	Қызылжарма ауылдық округі			
20	№17 көшесіне жаяу жүргіншілер жолын *(тротуар)* салу және жарықтандыру мәселесі	Қараша айы	Ауылдық округтегі №17 көшеге жаяу жүргінші жолын *(тротуар)* салу және түнгі жарықтандыру жұмыстарына жоба-сметалық құжаттары әзірленіп облыстық бюджетке бюджеттік өтінім берілді. Қажетті қаражат көлемі бөлінгеннен кейін құрылыс жұмыстары жүргізілетін болады *(Жоба құны: барлығы 5 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға 115,0 млн. теңге, 22 көшені жарықтандыруға 291,5 млн. теңге)*.	Ғ.Еркебай Ш.Әбдірахманов
21	Абай көшесіне орташа жол жөндеу *(асфальт)* жұмыстарын жүргізу мәселесі	Қараша айы	«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдық округтегі Абай көшесіне 64,4 млн. теңге қаражат бөлініп, орташа жол жөндеу *(асфальт)* жұмыстары жүргізілуде. Аталған жұмыстар ағымдағы жылдың қазан айының аяғына дейін аяқталатын болады *(мердігер мекеме – «Ақнұр Авто» ЖШС)*.	Ғ.Еркебай Ш.Әбдірахманов
	Қызылөзек ауылдық округі			
22	Қараөзек бекетіндегі интернет желісінің байланысын күшейту мәселесі	Желтоқсан айы	Қараөзек бекетіндегі интернет желісінің байланысын күшейту мақсатында «Қазақтелеком» АҚ тарапынан талшықты-оптикалық байланыс желіжолы технологиясы бойынша мүмкіндіктері қарастырылуда.	Ғ.Еркебай С.Әбдіжаппар С.Дүкенбаев *(келісім бойынша)*
23	Қараөзек бекетіндегі балалар ойын алаңының көгал төсенішін *(жасанды газон)* жаңалау жұмыстарын жүргізу мәселесі	Желтоқсан айы	Қараөзек бекетіндегі балалар ойын алаңының көгал төсенішін *(жасанды газон)* жаңалау жұмыстарына қазан айының аяғына дейін қалалық бюджетке бюджеттік өтінім ұсынылатын болады. Тиісті қаражат бөлінгеннен кейін жұмыстар жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Файзуллаев Г.Баймаханова С.Әбдіжаппар
24	Қараөзек бекетіндегі №128 мектептің тұсынан Қараөзек бекетіне кіре беріс қиылысына дейінгі аралыққа ағымдағы жылдың қараша айында түнгі жарық бағаналары орнатылатын болады.	Желтоқсан айы	Қараөзек бекетіндегі №128 мектептің тұсынан Қараөзек бекетіне кіре беріс қиылысына дейінгі аралыққа түнгі жарық бағаналарын орнату мәселесін қарастыру	Ғ.Еркебай С.Әбдіжаппар
	Талсуат ауылдық округі			
25	А.Құнанбаев көшесінен үш әлеуметтік қызмет көрсететін нысандарға дейін жаяу жүргіншілер жолын *(тротуар)* салу мәселесі	Желтоқсан айы	Талсуат ауылдық округіндегі А.Құнанбаев көшесінен әлеуметтік нысандарға дейін жаяу жүргіншілер жолын *(тротуар)* салу бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жоба 2024 жылы жүзеге асырылады *(жобада жаяу жүргіншілер жолы мен жарықтандыру жұмыстары бірге қарастырылған, жобаның жалпы құны – 78,8 млн. теңге)*.	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев Ж.Файзуллаев Г.Баймаханова А.Жылқыбай
	Ақжарма ауылдық округі			
26	Ауылдық округ бойынша ауыз су жүйелерін толық тексеріп, алдағы қыс мезгіліне дайындық жұмыстарын жүргізу мәселесі	Қазан айы	Қазіргі таңда Баймұрат батыр елді мекенінің ауыз су жүйесі бойындағы 3 дана көру құдығының фасондық бөліктеріне ағымдағы жылдың қазан айының аяғына дейін толық қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай м.а. Н.Шамуратов *(келісім бойынша)* С.Әбдіреев
27	Ауылдық округ тұрғындарын газбен қамтамасыз ету мақсатында жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу жұмыстарын жүргізу мәселесі	Желтоқсан айы	Ақжарма ауылдық округіне газ жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттамасын дайындауға қалалық бюджеттен **37,7 млн.теңге** бөлінді. Аталған қаражатқа мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес жеңімпаз атанған «Grand» Structure Engineering» ЖШС тарапынан жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды.	Ғ.Еркебай С.Әбдіреев
28	Баймұрат батыр ауылында жаңадан орнатылған электр желілерін жуық арада іске қосу жұмыстарын жүргізу мәселесі	Қазан айы	Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылындағы жаңадан салынған электр желілері іске қосылып, пайдалануға берілді *(Тасбөгет аудандық электр торабының 13.10.2023 жылғы №305 хаты)*.	Ғ.Еркебай А.Әнуар Е.Каленов *(келісім бойынша)* С.Әбдіреев
29	Ауылдық округтің интернет желісінің байланысын күшейту мәселесін қарастыру	Желтоқсан айы	Ауылдық округтің кейбір аумақтарында интернет желісі байланысын күшейту мақсатында «ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекомуникация комитеті» РММ-ң Шымкент, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық байланыс инспекциясына, «TELE 2», «Activ» байланыс операторларына арнайы хаттар жолданды. Қазіргі таңда сала мамандары тарапынан жауаптары күтілуде.	Ғ.Еркебай С.Әбдіреев С.Дүкенбаев *(келісім бойынша)*
	Ақсуат ауылдық округі			
30	Ауылдық округтегі қоғамдық көліктер жүретін көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі	2024 жылғы наурыз айы	Ауылдық округтегі 1 240,0 млн. теңге болатын қоғамдық көліктер жүретін П.Тлепбаев, А.Найзағараев, Б.Жүсіпбеков және Канал-2 көшелеріне қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарланып, 2023 жылдың тамыз айында облыстық бюджеттен құрылыс жұмыстарын бастауға 124 млн. теңге бөлініп, қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде *(нәтижесі қазан айының аяғы)*. Қалған қаражаты 2024 жылы республикалық бюджеттен бөлінетін болады.	Ғ.Еркебай Д.Тұрсынбаев А.Әнуар Г.Баймаханова Н.Бақытов
31	Б.Жөнбаев көшесіндегі түнгі жарық бағаналарын ретке келтіру мәселесі	Қыркүйек айы	Ағымдағы жылдың қыркүйек айында «Инно тех» мекемесі тарапынан Б.Жөнбаев көшесіндегі түнгі жарық бағаналарын ретке келтіру жұмыстары жүргізілді.	Ғ.Еркебай Н.Бақытов
32	№268 мектеп-лицейі орналасқан көшенің жол белгілерін реттеу мәселесі	Қазан айы	Ақсуат ауылдық округіндегі №268 мектеп-лицейіне жапсарлас орналасқан Б.Жөнбаев көшесіндегі жол белгілерін реттеу мәселесі бойынша қалалық полиция басқармасы тарапынан аталған аймақта орналасқан немесе орнатуға жататын жол белгілері бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне қалалық полиция басқармасы арқылы жолданған №401-ші нұсқама негізінде тиісті жұмыстар қазан айының аяғына дейін атқарылатын болады.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев А.Қасанов *(келісім бойынша)* Н.Бақытов

КИІКТІ ШЫНЫМЕН АТАМЫЗ БА?

МИНИСТР МӘЛІМДЕДІ

WhatsApp және мессенджер әлеуметтік желілерінде киіктерді атуға рұқсат берілгені туралы хабар тарады. Осыған байланысты орталық коммуникациялар қызметінде өткен жиында ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев жауап берді.

Алғашқыда Үкімет киіктің қарал тәсілімен қоршауға алып сою арқылы азайтылатынын мәлімдеген болатын. Бірақ Оралда ақбөкенді атуға рұқсат 4200 теңгеге сатылып жатыр деген ақпарат тарады. Министр бұл тәсілдің соңғы уақытта жаңбыр жиі жауып, ауа-райының қолайсыздығына байланысты қарал тәсілін жүзеге асыру қиындап кеткендіктен енгізілгенін айтты.

– Жалпы осы науқанды дайындаған кезде екі тәсіл қарастырылды. Біріншісі – қарал тәсілімен тор құру арқылы ұсталып, бауыздалып, комбинаттарға жеткізіледі. Екіншісі – түн ішінде ату тәсілі. Біз алғашқыда қарал тәсілімен азайту науқанын бастаған болатынбыз. Бірақ соңғы екі аптада жаңбыр көбейіп, бұл тәсілді қолдануда біраз қиыншылық туындады. Сол себепті биологиялық негіздемеде көрсетілген екінші тәсілді де қолдануға шешім қабылдадық. Бүгінде бұл жұмыстар тоқтап тұр. Өйткені оған біраз дайындық қажет болып жатыр. Киік аңшылыққа арналған жануар, – деді.

Нысанбаев Кеңес дәуірінде мемлекет жылына 300-350 мыңға дейін ақбөкен етін әзірлеп отырғанын, бірақ саны тым азайып кетуіне байланысты бұл тәсіл тоқтатылғанын айтты. Алайда бүгінде оның популяциясы тарихи санынан асып кеткеніне байланысты реттеуді талап ететінін жеткізді. Министр айтқан екі тәсілмен 115 киік ауланған екен.

– 2003 жылы киік саны бар-жоғы 21 мың болып қалған. Мемлекет қыруар ақша салып, ақбөкен санын 1 млн 950 мың басқа жеткізді. Киік – өсімтал мал. Орал өңірі 300 мың киікті ғана қамти алады. Одан үлкенге жайылымдық жер жетпейді. Ал қазіргі уақытта Орал популяциясы 1 млн 150 мың. Бетпақдаланыкі 800 мыңға жуық. Біз оның 337 мыңын азайтуды жоспарлап отырмыз. Қазіргі күні қарал тәсілі арқылы 91 бас киік сойылды, екінші тәсілмен 14 бас киік ауланды. Біз бұл қадамға дихандардың егінін сақтау үшін барып отырмыз, – деді министр.

Ол жабайы табиғат аясында бұл жануарлардың саны табиғи жолмен реттеліп отырғанын, бірақ бұл табиғи реттеу жүйесі елімізде дұрыс жүрмейтінін айтты. Сол себепті қолдану азайту ең оңтайлы шешім деп танылған.

– Негізі киік санын қасқыр, жұт, індет реттейтін. Бүгінгі күні біз табиғаттың реттеуін күтіп отыра алмаймыз. Егер дәл осылай жалғаса берсе, жұт болуы әбден мүмкін. Сол себептен біз оларды тиімді қолдануды көздеп отырмыз, – деді министр.

ШАРУАЛАР ШЫҒЫНЫ

Экология министрі Ерлан Нысанбаев дала кезген жануарларды тек тор арқылы аулау өте қиын екенін айтты. Осы күнге дейін ресми түрде 24 ақбөкен атып алынған.

Биологиялық негіздемеге сәйкес, киік санын реттеудің екі әдісі таңдалған. Біріншісі, торға қамап ұстау. Онда охотзоопром қызметкерлері ұзындығы 2 шақырым болатын тор құрып, қолға түсірген киіктерді сойып, етін комбинатқа өткізеді. Екіншісі, ақбөкендерді түнгі уақытта ату. Осы екі тәсілді пайдалану арқылы бүгінде 100-ден астам киік ауланған.

Министрліктің мәліметінше, 337 мың ақбөкенді ату немесе торға түсіру жоспарланған.

– Қазіргі күні киіктердің саны тарихи көрсеткіштен асып кетті. Яғни екі миллионға жуық ақбөкен бар. Олар жыл сайын дихандардың егінін таптап, шығын келтіріп жатыр. Қазірдің өзінде шаруалардың шығыны 12 миллиард теңгені құрады. Олардың санын қысқартпасақ, көбейе береді, – деді ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі.

«ӨЗІМ АТУҒА ҚАРСЫМЫН»

Бұл – журналист әрі эколог жазушысы Сайлаубай Жұбатырұлының сөзі.

– Тарихта өткен ғасырда деп айтсақ, біздің Қазақстанның жерінде жайылып жүретін ақбөкен еді. Сол кезде біз бұл жарықтықтар біреудің егін алқабына, жайлауына зиянын тигізіпті дегенді естімейтінбіз. Негізінде миллиондаған жылдардан бері тұқымын жоғалтпай келе жатқан киелі, қасиетті жануар болып есептеледі.

Әлі есімде 1984 жылы Алматыда өткен пленумда 500 мың киіктің лағы бір аурумен қырылып қалған деп айтып қалып, соңы әжептеуір мәселеге ұшығып кеткені белгілі. Бірақ сондай мәлімет тауып алғанмын. Осындай да жағдайды бастан кешіріп келдік емес пе... Өзім ойлаймын, бұл сол кездегі космодромның кесірі болды ма деген. Солардың бәрінен аман өтіп келе жатқан киік еді, енді соңғы кездегі мәліметтерге сүйенсек, адам киікке шағым айтатын заман болғаны ма деп қаласың...

«Малымызды таптап, егінімізді жайпап кетті» деп жатыр шаруашылықтар. Ойланып қарасақ, адам таңғалатындай жағдай ғой. Осы мәселеге орай мен бір мысал келтіре кетейін, Астралия деген жерді ағылшындықтар бірінші ашқанында өте керемет континент болды. Жағасының бәрі жасыл, құнарлы. Бірақ негізінде ол жер шөлейтті жерге жататын. Сол жасыл жағалауға олар өздерінің жақсы көретін өсімдіктерін еккені сондай қаптап кетті. Содан оны құрту үшін қояндарды жіберген. Себебі ол шөптерді қоян ұнатып жейді екен. Қоян көбейіп кеткен соң оған қарсы түлкілерді жібереді. Түлкілер қоянды құртып болып, көршілес орналасқан құс фермаларының тауықтарына шабуыл жасайды. Одан кейін кезек Динго деген жабайы иттерге келеді. Ол иттер қоянды құртып, түлкінің тасталқанын шығарып, фермерлердің қойларына шабатын болған. Бұл туралы тіпті «Жабайы ит Динго» деген кино да шықты-ау деймін.

Неге бұл мысалды келтірдім? Адам табиғаттың тепе-теңдігін ойсыз бұлдіреді. Ал табиғат өзін-өзі емдеуге тырысады. Бірақ адам араласа берген соң соңы дұрыс болмайды.

Астралиядағы жайтта адамнан кеткен қателіктен экологияны бұлдіру дегенге саяды. Міне, бізде де сондай көзқарас. «Шаруалықты қалай дамытамыз?» деп экология деген ортақ үйімізге қиянатымыз көбейіп кеткен болуы керек. Айналып келгенде соның бәрін киіктің көптігінен көруде. Әйтпесе ол жарықтық осы кезге дейін адам жүрген жерге жоламайтын. Адамнан қашып, үркіп жүретін жануарды шаруалардың жеріне кесірі тиді деп айтуға сену қиын.

Енді қазақтың осы киелі киігін ату керек деген Үкіметтің саясаты шығып отыр. Бірақ өзім адамзат ретінде, табиғаттың жанашыры ретінде түбегейлі қарсымын. Ал егер расымен шаруалардың егініне, жеріне зақым келген болса, ол кезде атпа деп айтпаймын. Өйткені ол жерде адамның күнкөрісі бар. Соны да ойлау керек. Дейтұрғанмен ондай жағдайда ату керек екен деп те айтуға аузым бармайды. Жалпы өзім киікті атуға қарсымын.

Себебі киікті ату деген обал. Киесі бар жануар екенін бәріміз де білеміз. Түптеп келгенде киіктің киесіне қалмауды ойлау қажет. Сондықтан жоғарыда отырған азаматтар әлі де ойланып шешім қабылдауы керек. Біздің даламызды, шаруашылықтарымызды зерттеп отырған үлген ғылыми күштер бар, ғылыми институттар бар, бәрі бірлесіп, басқаша реттеуге болмас па деп ойлаймын.

Егер мал, егін шаруашылығына қауіп төндіріп тұрған болса ғылыми институттардың мамандары киіктің популяциясын шектеп, өзінің мекен еткен Бетпақдала деген жері, Сарыарқа деген өрістері бар. Міне, соған бейімдеп, солай қарай таратса деген жолды қарастыру керек секілді. Әрине, «киік көбейді, бәрін құртты, ату керек» деп шешім қабылдай салған оңайырақ шығар. Кім білсін? Оның астарында киікті атып қана қоймай оның мүйізін де пайдалануы мүмкін. Өйткені ол өте қымбат тұрады. Мына абыр-дабырдың арқасында сол мүйізді де сатуы ықтимал. Сондықтан бұл – күрделі мәселе.

О заманда, бұ заман, өз басым «киік егінге шапты» дегенді мүлдем естіген емеспін. Киікті кемітпеу керек, керісінше өсіру керек. Ол – біздің байлығымыз, алтын қорымыз, табиғаттың төл перзенті. Мен солай бағалаймын. Нақты шешім қабылдамас бұрын әлі де жан-жақты зерттеу қажет. Дүрбеленге салынып, киікті жоғалтып алдық деген трагедияға тап болып қалмайық.

Мен жазушы ретінде өз көзқарасымды осылай білдіріп отырмын. Ал бұған тиісті сала мамандарының пікірін де білу қажет секілді, – деді Сайлаубай аға.

Эколог жазушысы айтқандай, бізде тиісті сала мамандарына хабарластық. Алайда облыстық орман шаруашылығы департаментінің баспасөз хатшысынан «комитет рұқсат етпей біздегі мамандар жауап бере алмайды. Телевидениеге де рұқсат берілмеді» деген жауап алдық, өкінішке қарай...

КИІКТІҢ КИЕСІ

Бір кездері киікті аямай атқандар көп. Тіпті оның етіне, мүйізіне қызыққандары қаншама. Өйткені олар атқан киік етін сол жерге қалдырып, тек мүйіздерін кесіп алғандары кездесті. Браконьерлер мүйіз үшін даланы жазықсыз жануардың қанына бөктіріп кеткен оқиға жиі орын алғаны да белгілі. Қытайда дәстүрлі медицина үшін оның мүйізі дәрілік шикізат ретінде аса сұранысқа ие. Міне, мүйізге қызығушылықтың себебі осында.

Тіпті осындай жолды кәсіп еткендері де бар. Құныққандары соншалықты көздері жәутеңдеген киіктердің қанға боялғанын көрмейтін, елемейтін, аямайтын еді. Осындайда үлкендеріміз жиі айтатын: «Жер бетінде қыбырлаған, кеудесінде жаны бардың әрқайсысында кие бар. Соның ішінде киіктің киесі қатты болады» деп.

Қарап отырсақ, көпті көрген көнекөздеріміз дәл айтқан. Бір отбасы болды. Әп-әдемі ұйып отырған шаңыраққа көбі таңғалатын. Себебі жұмыс істемесе де, ауылдағы табысы мол жандардың бірі еді. Ал оларға осыншама ақша қалай келіп жатты? Сөйтсе, сұлу жануарды алаңсыз атып, етін, мүйізін сатып, әжептеуір байып, мол қаржы жинап үлгеріпті. «Әке көрген оқ жонар» демекші, сол үй иесінің кәсібін көріп өскен балалары да осы жолда жүрді.

Бірақ соңы жақсы болмады. Байлық та, береке де ұзаққа бармады. Көп ұзамай әкесі айықпас сырқатқа ұшырады. Үлдары аяқ астынан ажал құшты. Бір отбасындағы мұндай келеңсіздіктің бірінен соң бірі орын алғанын сол кездері үлкендер «Киіктің киесі ұрды» деп болжады. Себебі ағайыны мұның дұрыс еместігін айтып, бірнеше рет ескерткен еді. Әйткенмен байлыққа көзі тоймаған, қанағат тұтпаған отбасы құлақ та аспапты. Қайта керісінше, ағайынның айтқанын көре алмаушылыққа балады. Міне, өмірдегі бір дәлел.

АҚБӨКЕННІҢ ТАҒЫ БІР ҚАСИЕТІ

Киіктің киесі мен қасиеті жайлы мынадай әпсана бар. Адам ата жерге түскен соң барлық жан-жануар Хақ тағаланың орынбасарын көруге ынтық болыпты. Сол кезде ең алғаш Адам атаны көрген ақбөкен екен деседі. Ол «Алланың халифасы жерге түсті» дегенді естігенде қазақ даласынан Жидда тауына қарай желіп отырыпты. Ол кезде Адам ата мен Хауа ана Жидда тауының етегінде үй салып, тіршілік кешіп жатыр екен.

Ақбөкен ұзақ жол жүріп, шаршап-шалдығып, Адам атаның тұрағына жеткенде құлап түседі. Адам оны көтеріп алып, үйіне әкеледі де, оған інжірдің жапырағын беріп асырайды. Адам ата мейірленіп, оның тұмсығынан сипағанды жақсы көреді екен. Пайғамбардың қолы тигендіктен, ақбөкеннің тұмсығы өзге аңдардан ерекше сұлу болып бітіпті. Арқасынан сипағанда, денесінен хош иіс шығыпты. Аяғынан сипағанда, тұяғы қасиетті болып, мың бір ауруға ем болыпты. Қуса жеткізбейтін жүйрік жануарға айналыпты. Көзінен өпкенде жанарына көрік бітіп, сұлу жануарға айналып шыға келіпті. Мүйізінен ұстағанда, оған да шипалық қасиет дарыған екен. Пайғамбардың алақаны беліне тигенде, буаз кезінде іштегі елігінің жынысын қалауына қарай өзгерте алатын болыпты.

Ақбөкеннің арнайы келісіне риза болған Адам ата:

– Жануарым, мен саған ризамын. Бұйымтайың болса айт. Мейірімді Алладан дұға етіп, бір мұқтажыңды өтейін, – дейді. Сонда ақбөкен:

– Төлдегенде құралайым шыбын-шіркейге жем болады. Одан қалса, қасқыр шабады. Даланың шөбі төлдерге ауырлық етіп, қоң жинай алмайды. Осы қиындықтан құтқарсаңыз, – депті.

Адам ата Тәңірісіне ақбөкеннің арызын жеткізіп, қиындықтан құтқарыпты. Содан бастап құдайдың әмірімен киіктер төлдейтін кезде Бетпақдалада шыбын-шіркейді шығартпайтын суық болады екен. Мұны қазақта «құралайдың салқыны» деп атайды. Ұлық Алла сол уақытта қасқырдың киікке деген тәбетін тыяды. Құралайлар көшке ілескенше қасқырлар оларға жақындай алмайды. Жас киікке арнап даладан түйетабан деген шөп шығарады. Ол тек ақбөкен төлдейтін кезде көгеріп, көктеп, лақтарға азық болады екен.

Ақбөкен Тәңірдің халифасын көріп, қолынан жем жеп, мақсаты орындалған соң Бетпақдалаға қайтпақшы болады. Сол кезде Адам ата оған:

– Сахараға сән болып,
Құт пен кие, мән қонып,
Өсіп-өнсін нәсілің,
Бір құдайым жар болып,
Аллам өзі қолдасын,
Бар бәледен қорғасын.
Саған зауал келтірген
Ешқашан да оңбасын.
Сайын түзден тап мекен,
Басқа орнасын бақ бекем.
Қу медиен түздерге
Ырыс дарыт, ақбөкен, – деп батасын береді.

Содан бастап киікке кие бітіп, қасиетті аң саналыпты. Оны нақақ өлтіргендер Адам атаның қарғысына ұшырайды деген түсінік бар.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Мамандардың мәліметі бойынша, киіктер санында өсім бары байқалады. Бірақ «Қызыл кітапқа» енген даланың ерке жануарын жауыздықпен қыру оқиғалары жалғасуда. Араша сұрап қараған киіктің жәудіреген көзіне, оның киесіне, «Қызыл кітап» та, шенеуніктер қабылдаған шешім де кедергі болмай тұрғаны өкінішті-ақ...

«Не істесең де ескертіп істе, обал болады» дейтін дала заңы. Ақбөкенді Алла адамның несібесі қылып жаратқанмен, біз кие мен обал барын ескерген қазақ емеспіз бе? Шаруалар шығыны деп киіктің киесін де естен шығармайық, ағайын!

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Кешегі өткен қилы заманның зардабы қанша уақыт өтсе де, санаңнан өшпейтіндей есте мәңгі сақталып қалғанын зерделі қарттар бүгінгі ұрпаққа жеткізуде. Сол заман көрінісі естіген жұртқа ертегі секілді...

Аға ұрпақ өкілдерінің азаматтық парызы – сол кезеңдегі халықтың қайғысы мен азапты өмірін, келер ұрпаққа өзгеріссіз сол қалпында жеткізу.

Кейбіреулердің қарапайым қоңыр тірлікпен өткен өмірі, жай елеусіз тез ұмытылса, саналы азаматтар өзінің тірі кезінде көрген қиындығы мен қасіретті күндерін, келер ұрпағы көрмесе екен деп тілейді.

Сондай жанның бірі Баршабай қария сол 1931-1932 жылғы ашаршылықтың таукыметін бір адамдай тартып, аштық ажалынан әзер дегенде аман қалғанын ұлы Меңдіғалиға былай жеткізсе керек.

...Сол 1932 жылға дейін елдегі адамдардың шамасы келгені бас сауғалап кеткен, ал ұзаққа жүре алмайтындардың, еккен егіні жоқ, қорада малы жоқ, не істерін білмейтін, бойында әл-қуаттарынан айырылған, абдыраған қара халыққа, не мемлекеттен келер көмек болмаған.

Аштықтан көздері қарайған адамдар табылған шикі дәнді ашқарақтана аузына құйғанды да, тіпті ұрып, өлімші етіп тепкілесе де қолына түскенді жұтып, аш құрсағын жұбатам дегендерді де, тіпті өз үйінде көмусіз қалған жандардың мәйітін де көрдік.

1931-1932 жылдары Шіркейлінің бергі оң жағалауында Серкештер мен Алашалар бір ауыл болсақ, сол жағалауында Сейіт Қожалар ауылы болып, заманымыз тыныштық кезеңде томар қайықпен арлы-берлі қатысып тұрдық. Қарғыс атқыр, сол жылдар ел еңсесін езіп жіберген-ді. Жерден тірі жәндік тауып жеудің өзі күш еді.

Бір қызымды «детдомға» өткізгенмін, бір қызым үйде еді. Үйдегі қызым үй іргесінде өліп жатқан тышқанды тауып жеймін деп, шейіт болды. Сөйтсек өлген тышқан, тоқшылық кезеңде үй іргесіне уды, қамырға қосып тышқан жесе өлер деп тастаған қамырды жеп өлген тышқан болыпты.

Әрбірде жүрек жалғар ешнәрсе табылмағанда өзіңді-өзің алдап, ішек жабысып қалмас үшін қара тұзды суға қайнатып ішкен күндер де болды. Бойларында әлі барлар үй-үйді аралап, аштан өлгендердің жүзін

АШТЫҚ НЕ ЖЕГІЗБЕДІ?

жасырамыз. Көр қазуға шама жоқ. Әр үйдің есігінің алдындағы жер ошағына қойып, бетін ғана жаба аламыз. Күнде осындай, әр үйден кем дегенде 1-2 жаннан, кейде бір үй түгел қырылып қалады. Осылайша, бір ауылдан қанша адам опат болып, ауылдың әр шетінде бірді-екілі үйлерде ғана тіршілік белгісі байқалды. Ауылды аралап келе жатып, Бедердің үйінен түтін иісі шыққасын кірсем, үйінің барлық жаны опат болған, өзі отқа бірнәрсені күйдіріп жеп отыр екен. Мені көре сала, жеп отырғанын жамбас астына тыға қойды. Сұрасам, жеп отырғаны жылан екен, жылан еті аш өзекке түскендіктен, ертесіне ол да қайтыс болды.

Әлі есімде бір ауылда қырықтан астам жанның шейіт болғанын көріп, олардың жүзін жасырған едік.

Біздің үйде де әйеліміз екеуміз ғана қалдық. Тіскебасар бірдеңе табылып қала ма деп, қалың ішін қалбалақтап жүргенімде, мен секілді әлсіреген бір атжалман тышқанды тауып, оны ұрып алып, Бедер де жылан жеп еді деп, тышқанды отқа қақтап жеймін деп үйге әрең дегенде есімнен тана жетіп құлаппын. Құлаған мені көріп, үйден әйелім шығып, есік алдында көктемде егілген қауынның ащы түйнегін үзіп алып, маған бере беріпті. Аш өзек не берсе де жей беріппін, Құдайдың бір құдіреті шығар аман қалдым. Қанша уақыт жатқанымды білмеймін, аш адамда ес болмайды екен. Есімді жиғасын, әйтеуір, тірі адам тіршілігін жасайды. Ашқұрсаққа бірдеңе табылып қала ма деп Шіркейліні жағалап келе жатсам, өткенде екі қармақ құрған едім, соның бірінің жібі керіліп тұрғанын аңғардым. Қармақ құрған тұстың бір қапталы жайпақтау екен, солай қарай қармақ жібін жаймен тарта қарасам, жайынның басы көрінді. «Өлмегенге өлі балық кездеседі» дегендей, қармақ жібін қайта босата жіберіп, үйге барып, әйелімді ертіп алып, балта мен ұзын арқан жіпті ала келдім. Арқанның бір ұшын сақина тәрізді етіп байлап, сол жерден жіпті түйгендей шағын домалақ пішінге келтіріп алдым да, қармақ жібін қолға алып жаймен саумалдай тарта отырғанымда судан жайынның басы көрініп, қармақ ілінген аузы ашыла бергенде ұшы домалақтанған жібімді жайын аузына қарай лақтырғанда жіп ұшы сағалдырығынан сыртқа шыға келмесі бар ма? Жіптің сақиналы жерінен екінші ұшын жылдамдата өткізіп алдым да, сыртқа қарай, әйелім алда, мен артқы жақта екеулеп бар күшімізбен алға тарта бердік. Бір кезде не болғанын білмеймін қарақұсымнан сарт еткен соққыдан естен тана етпетімнен құлап түстім. Жайын да сыртқа шығып үлгерген екен. Сөйтсем, желкемнен жайын құйрығымен ұрған екен. Мен есімді жиямын дегенше, әйелім жайынды басынан балтамен шапқылай беріпті. Есімді жиып, әйеліміз екеулеп, балықты сойып, елде тірі қалғандармен бірге балық етін қорек еткен едік.

Әрі қарай еккен егін де пісіп, осылайша ашаршылық тырнағынан аман қалған екен. Бұл Ақжарма ауылының 83 жастағы Меңдіғали ақсақалдың әкесінен естіген естелігі.

Енді мұндай нәубетті келер ұрпақ көрмесе екен деймін.

Жәнібек МАХАНБЕТ,
ҚР Мәдениет саласының үздігі, өлкетанушы.

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3109 **Тапсырыс №1667**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Нәзира МҰҚАТАЕВА